

# AI.MUGALIM: БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЦИФРЛЫҚ ШЕШІМДЕР

## ЖОБА НЕГІЗДЕМЕСІ:

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауын және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2025-2029 жылдарға арналған білім беру жүйесіне жасанды интеллектіні енгізудің концептуалдық тәсілдері мен 2025-2026 оқу жылына арналған Әдістемелік нұсқау хатын басшылыққа алып құрылды.

## ЖОБАНЫ ІСКЕ АСЫРУШЫ:



**1147**  
педагог



**20**  
мектеп




**15 939**  
оқушы

## ЖОБАНЫҢ МАҚСАТЫ:


Оқу бағдарламаларына ЖИ-ді кіріктіру арқылы білім беру үдерісінің тиімділігін арттыру, оқыту сапасын жақсарту және педагогтер мен білім алушылардың цифрлық құзыреттіліктерін дамыту, сабаққа қызығушылықтарын арттыру.

## ЖОБАНЫҢ МІНДЕТТЕРІ:



# AI.MUGALIM: БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЦИФРЛЫҚ ШЕШІМДЕР

## ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІНІ ЕНГІЗУДІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ:



# AI.MUGALIM: БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЦИФРЛЫҚ ШЕШІМДЕР

## I КЕЗЕҢ (дайындық)

**ЖОБАНЫ  
ІСКЕ АСЫРУ  
МЕРЗІМДЕРІ:**




пилоттық ұйымдарды  
іріктеу, ұйымдастыру  
жұмыстары;

## II КЕЗЕҢ (енгізу және апробация)



пән мұғалімдеріне семинар  
ұйымдастыру;  
ЖИ элементтерін оқу және  
басқару үдерісіне енгізу,  
мониторинг жүргізу;

## III КЕЗЕҢ (талдау және тарату)



нәтижелерді бағалау,  
үздік тәжірибені  
жинақтау және тарату

## ЖОБАНЫҢ МАҚСАТЫНА ЖЕТУ ҮШІН ЖОСПАРЛАНАТЫН ІС-ҚИМЫЛДАР:

- жоба жұмыстарын бағалау үшін шығармашылық топ құру;
- жобаға енетін мектеп, пән, пән мұғалімдерін анықтау;
- пән мұғалімдеріне семинар ұйымдастыру;
- сабақ барысында пайдаланатын ЖИ платформаларын анықтау;
- пән бойынша үздік тәжірибелерді жинақтау;
- сабақ өткізуге материалдық-техникалық базаны әзірлеу және бейімдеу, белгіленген аралық нәтижелерді айқындау;





**Шығармашылық топ** бекітілген мектебі бойынша сауалнамалар алады, workshop, шебер-кластар ұйымдастырады, тоқсан сайын әр пән бойынша тест сыналасын, сауалнамалар, бақылау үзіктерін алып, тест сынамаларын алу арқылы білім сапасына әсерін бақылайды.

# AI.MUGALIM: БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЦИФРЛЫҚ ШЕШІМДЕР

## ЖОБАҒА ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ҚҰРАМЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ МІНДЕТТЕРІ

Пилоттық жобаны іске асыруға **20** мектептің **1 147** негізгі пән мұғалімдері, **15 939** оқушысы қатысады.

## ЖОБАҒА ҚАТЫСУШЫ МҰҒАЛІМДЕР:

-  ЖИ құралдарын тиімді пайдалана отырып, сабақты қызықты әрі заманауи форматта өткізеді;
-  ЖИ көмегімен оқушылардың жеке оқу траекториясын ескеріп, сараланған тапсырмалар ұсынады;
-  Оқушылардың білім алу қызығушылығын арттыру мақсатында интерактивті тапсырмалар, визуалды материалдар мен адаптивті оқыту жүйелерін қолданады;
-  Сабақтан кейін ЖИ арқылы алынған деректер негізінде оқушылардың жетістіктерін талдайды және кері байланыс береді.

## МЕКТЕП ДИРЕКТОРЫНЫҢ ОҚУ ІСІ ЖӨНІНДЕГІ ОРЫНБАСАРЫ:

-  Әрбір сабақ жоспарын ЖИ құралдарының қолданылуын анықтап, бекітеді;
-  Мұғалімдердің ЖИ құралдарын дұрыс әрі мақсатты қолдануын қамтамасыз етеді;
-  Жобаның тиімді жүзеге асуын бақылап, қажетті әдістемелік қолдау көрсетеді;
-  Оқу процесінде ЖИ-дің оқыту сапасына әсерін үнемі талдап, нәтижелер бойынша ұсыныстар дайындайды

## ЖОБА ҮЙЛЕСТІРУШІСІ:


➤ Мұғалімдер мен әкімшілік арасында байланысты қамтамасыз етеді;

➤ Қатысушыларға ЖИ құралдарын қолдану бойынша кеңес береді;

➤ Жоба барысы туралы есептер мен аналитикалық шолулар дайындайды.

# AI.MUGALIM: БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЦИФРЛЫҚ ШЕШІМДЕР

## КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕР:



## ЖОБАҒА ҚАТЫСУШЫ МЕКТЕПТЕРГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР:

- Мектепте тұрақты әрі жылдам интернет байланысының болуы;
- Мектептің коммуникациялық, цифрлық құралдармен жабдықталуы;
- Мектептің қала, аудан орталығында орналасуы;
- Мұғалімнің заманауи технологияларды жоғары деңгейде меңгеруі, ЖИ көмегімен сабақ жоспарын, жаттығу, тест, ашық сабақтар дайындап, кері байланыс бере алуы;
- Онлайн платформалар мен құралдарды (ChatGPT, Canva, Quillionz, Grammarly) меңгеруі.

## ЖОБАНЫҢ ГИПОТЕЗАСЫ:

Егер білім беру жүйесіне жасанды интеллект (ЖИ) технологияларын тиімді және жүйелі түрде енгізсе, онда оқыту сапасы артып, мұғалімдердің жүктемесі азайып, оқушылардың жеке қабілеттеріне бейімделген оқу траекторияларын құру мүмкіндігі артады. Сонымен қатар, деректерді талдауға негізделген басқару шешімдері арқылы білім беру ұйымдарының тиімділігі мен нәтижелілігі жоғарылайды.